ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

Студент ***Орынбасаров Еркебұлан***
(аты-жөні)

Дипломдық жұмысына
ПІКІР

Мамандық ***5В071800 – Электр энергетикасы***

Дипломдық жұмыс тақырыбы
Электр торабын есептеу және кернеу өзгерісін шектеу автоматикасының автоматты құрылғылары

а) графикалық бөлімі 10 слайд Power point форматында;
б) түсініктемелік жазба 53 бет.

Дипломдық жұмыс бойынша ескертулер

Дипломдық жұмысты негізгі, арнайы және еңбекті қорғау бөлімдері құрайды. Негізгі бөлімде кернеуі 220кВ электр беріліс желісі үшін есептеулер жүргізіледі,қысқа тұйықталу токтары есептеледі,аппараттар құрылғылар және тіректер таңдалады. Арнайы бөлімде кернеу өзгерісін шектеу автоматикасының автоматты құрылғылары, КТША және КЖША зерттеулер жүргізіледі. Еңбек қорғау бөлімінде найзағайдан қорғау құрылғыларының қауіпсіздік ережелері және найзағайдан қорғау аймағына есептеулер жүргізілді.

Ескерту:

1) Электр жабдықтарды таңдау барысында тиіміділіктері туралы ақпарат келтірілмеген.
1) Арнайы бөлімде тақырыбына сай теориялық мағлұматтар басым, келтірілген экономикалық тиімділік бойынша есептеулер жеткіліксіз.

Дипломдық жұмыстың бағасы

Дипломдық жұмыс «95б», «А », «өте жақсы» деп бағаланады, ал студент Орынбасаров Еркебұлан электрэнергетика мамандығы бойынша техника және технологиялар бакалавры академиялық дәрежесіне лайық деп есептеймін.

Пікір беруші _____ ***Алмұратова Н.Қ.***
(қолы) (аты-жөні)

Қызметі
Алматы энергетика және байланыс университеті «Электр машиналары және электр жетегі» кафедрасының доценті, PhD

«10» мамыр 2019 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К.Бәсенов атындағы сәулет,құрылыс және энергетика институты
Энергетика кафедрасы

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС ЖЕТЕКШІСІНІҢ ПІКІРІ

Диплом қорғаушы **_Орынбасаров Еркебұлан Талғатұлы_**
(аты-жөні)

Тақырыбы **_Электр торабын есептеу және кернеу өзгерісін шектеу автоматикасының автоматты құрылғылары_**

Дипломдық жұмыстың түсіндірмелік жазбасы 3 бөлімнен құралған: негізгі, арнайы және еңбек қорғау. Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімінде кернеуі 220 кВ электр беріліс желісне есептеулер жүргізіліп, оларға қорғаныстық, коммутациялық аппараттар таңдалды. Арнайы бөлімінде кернеу өзгерісін шектеу автоматикасы және оларды болдырмау мәселелері қарастырылған. Берілген тапсырманы орындау барысында Орынбасаров.Е дипломдық жұмысты тақырыбына сәйкес толық көлемде орындады және өзін сауатты, электр тораптарын жобалау мәселелерін өз бетімен шеше алатын, техникалық әдебиетпен жұмыс істей алатын маман ретінде көрсете білді.

Дипломдық жұмыс «96б», «А», «өте жақсы» деп бағаланады, ал студент Орынбасаров Еркебұлан Талғатұлы 5В071800 – Электр энергетикасы мамандығы бойынша техника және технологиялар бакалавры академиялық дәрежесіне лайық деп есептеймін.

Жетекші
ассоц.профессор, техн.ғыл.канд. (қолы) **_Ақпанбетов Д.Б._**
(ғылыми атағы, дәрежесі) (аты-жөні)

«11» 05 2019 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Энергетика кафедрасы

Орынбасаров Еркебұлан Талғатұлы

Электр торабын есептеу және кернеу өзгерісін шектеу автоматикасының автоматты құрылғылары

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5В071800 – Электр энергетикасы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Энергетика кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі м.а.,
PhD докторы, ассистент профессор
_____Е.А. Сарсенбаев
«18» _____05_____2019 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Электр торабын есептеу және кернеу өзгерісін шектеу автоматикасының автоматты құрылғылары»

5В071800 – Электр энергетика мамандығы бойынша

Орындаған Орынбасаров Е.Т.

Пікір беруші
АЭжБУ «Электр машиналары және электр жетегі» кафедрасының доценті, PhD
_____Алмуратова Н.К
«10» _____05_____ 2019 ж.

Ғылыми жетекші
т.ғ.к., қауым.профессор
_____Акпанбетов Д.Б.
«11» _____05_____ 2019 ж.

Алматы 2019

Дипломдық жұмысты дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Электр торабын жобалау	22.02.19	орын
Кернеу өзгерісін шектеу автоматикасының автоматты құрылғылары	29.03.19	орын
Еңбек қорғау бөлімі	25.04.19	орын

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	**Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)**	**Қол қойылған күні**	**Қолы**
Негізгі бөлім	Д.Б. Акпанбетов т.ғ.к., ассоц.профессор	10.05.19	
Еңбек қорғау бөлімі	Д.Б. Акпанбетов т.ғ.к., ассоц.профессор	10.05.19	
Норма бақылау	Н. Е. Балгаев PhD, сениор-лектор	06.05.19ж	

Ғылыми жетекші _____ Д.Б. Акпанбетов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____ Е.Т. Орынбасаров

Күні «10» 05 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Энергетика кафедрасы

5В071800 – Электр энергетикасы

БЕКІТЕМІН
Кафедра меңгерушісі м.а.
PhD докторы, ассистент профессор
_____Е.А. Сарсенбаев
«28» ____01____2019 ж.

Дипломдық жұмысты орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы *Орынбасаров Еркебұлан Талғатұлы*
Тақырыбы:*«Электр торабын есептеу және кернеу өзгерісін шектеу автоматикасының автоматты құрылғылары»*
Университет ректорының *2018 ж. «15» желтоқсандағы № 1210-б* бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: *«30» сәуір 2019 ж.*
Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістер: *Қосалқы станциялардың қуаты, ара қашықтығы, қуат коэффициенті, максималды жұмыс уақыты*
Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:
а)Электр торабын жобалау;
б) Кернеу өзгерісін шектеу автоматикасының автоматты құрылғылары;
в)Еңбек қорғау бөлімі.
Сызбалық материалдар тізімі: *Сызбалық материалдарды слайдпен дайындау*
Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: *6 атау*

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста электр тораптарын есептеу мен кернеу өзгерісінің автоматикасы зерттелінді. Электр беріліс желісінің кернеулері, қысқы тұйықталу тоқтары, кедергілері және қуат шығындары есептелінді. Есептелінген мәндерге сәйкес трансформаторлар, қорғаныс аппараттары (ажыратқыш, айырғыш), сымдар, тіректер таңдалынды. Кернеу өзгерісі, яғни кернеудің төмендеуін (КТША) және жоғарылауын шектеу автоматикасы (КЖША) тигізетін әсерлері мен олардың сатылары қарастырылды. Кернеудің төмендеуін автоматты шектеу "Сириус-2-РЧН" құрылғысының жұмыс істеу қағидасы мен мақсаты, артықшылықтары және мүмкіндіктері сипатталынды.

АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе была изучена расчет электрических сетей и автоматика изменения напряжения. Рассчитаны напряжения линий электропередачи, токи замыкания, сопротивления и потери мощности. В соответствии с рассчитанными значениями выбраны трансформаторы, аппараты защиты (выключатели, разъединители), провода, опоры. Рассмотрены автоматика изменения напряжения, то есть действия автоматики ограничений снижения (АОСН) и повышения (АОПН) напряжений и их стадии. Устройство автоматического ограничения снижения напряжения описано принцип действий и назначение, преимущества и возможности работы "Сириус-2-РЧН".

ANNOTATION

In this thesis was studied automation of calculation of electrical networks and voltage changes. The voltage of power lines, currents of winter circuit, resistance and power loss are calculated. In accordance with the calculated values selected transformers, protection devices (switches, disconnectors), wires, supports. The changes in voltage, that is, the action of automatic voltage reduction (CTP) and increase limits (CTP) and their stages. Automatic limitation of voltage reduction describes the principle of operation and purpose, advantages and capabilities of the device" Sirius-2-RFN".

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Электр торабын жобалау	8
1.1	Электр беріліс желісінің сұлбасын құру нұсқалары	8
1.1.1	Электр беріліс желісінің номиналды кернеуін таңдау	9
1.1.2	Желі бойындағы қосалқы станцияларға трансформатор таңдау	10
1.1.3	Трансформатордың кедергілерін және шығындарын есептеу	13
1.1.4	Тұйықталған жүйе учаскіндегі қуат таралуын есептеу	19
1.2	Тұйықталған желінің қималарын есептеу және таңдау	21
1.2.1	Тұйықталған жүйеде максималды жүктеме кезіндегі алмастыру сұлбасы және шығындарын есептеу	25
1.3	Желідегі қысқа тұйықталу тогын табу және параметрлеріне сәйкес аппараттар таңдау	26
1.3.1	Есептелген параметрлер бойынша электр аппараттарын таңдау	29
1.3.2	Әуе электір беріліс желісі ушін тірек материалын таңдау	32
2	Әрекет принциптері және алдын алу автоматикасының түрлері режим параметрлерінің жарамсыз өзгерістері	35
2.1	Кернеу өзгерісін шектеу автоматикасы	36
2.2	Қарапайым кернеуді шектеу автоматты құрылғыларының өзгеруі	37
2.3	Қосу автоматикасының компенсациялау реакторлары және электр беру желілерін ажырату панелі	38
2.4	Кернеудің жоғарылауын шектеудің микропроцессорлық автоматикасы	40
2.5	Сириус-2-РЧН құрылғысының мақсаты	44
3	Еңбек қорғау	48
3.1	Электр қондырғыларындағы еңбекті қорғау – негізгі міндеттер	48
3.2	Найзағайдан қорғау құрылғыларының қауіпсіздік ережелері	48
	Қорытынды	52
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	53

КІРІСПЕ

Қазақстандық электр энергетика кешенін тұрақты дамыту және қуаттылықты тұрақты өсіру республиканың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Энергияға өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандырумен байланысты негізгі проблемалардың үш тобы қаралады: энергия ресурстары мен энергия тапшылығы, қоршаған ортаға түсетін жүктеме, геосаяси және әлеуметтік қауіптер. Қазіргі әлемнің "энергетикалық картинасын" талдау негізінде осы проблемаларды шешудің негізгі тәсілі энергия үнемдеу және энергия алмастыру тұжырымдамаларын іске асыру болып табылатыны көрсетілген. Қазақстан Республикасының экономикасының негізсіз жоғары энергия сыйымдылығының негізгі себептері, энергия үнемдеу әлеуеті және оны іске асыру жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық шаралар келтірілген. Энергия алмастыру тұжырымдамасы ашылды, яғни дәстүрлі бастапқы энергия ресурстарын балама отын ресурстарымен және дәстүрлі емес жаңартылатын энергия көздерімен алмастыру, сондай-ақ электр және жылу энергиясын алудың баламалы тәсілдерін игеру.

ҚР энергетика министрлігінің стратегиясы нақты сценарийге негізделген – елдің баламалы энергетикасының өсуі дәстүрлі энергетиканың өсімін басып озуы тиіс. Осылайша, егер осы сценарийге сенсек, Қазақстанда 2050 жылға қарай халықтың елеулі өсімі – 40% – дан астам, елдегі энергия тұтыну 3% - ға төмендейді деп күтілуде, - мұндай нәтиже энергия тиімділігінің артуынан күтіледі.

1 Электр торабын жобалау

1.1 Электр беріліс желісінің схемасын құру нұсқалары

Әртүрлі объектілерінің жұмыс істеу жағдайларының алуан түрлілігі олардың элетрмен жабдықтау схемасының алуан түрлі болуына себепші болады. Тұтынушылардың қоректену схемалары энергия көзінің қашықтығына, берілген ауданның электрэнергетика жабдықтаудың жалпы схемасына, тұтынушылардың территориялық орналасуымен олардың қуатына, сенімділігіне қойылатын талаптарға және т.б. тәуелді. Есептің берілгені 1 – кестеде көрсетілген.

1-кесте – берілген тораптың мәндері

Қосалқы станциялардың қуаты, МВт	P1	40
	P2	35
	P3	30
Ұзындығы, км	L1	40
	L2	35
	L3	60
	L5	160
Қуат коэффициенті, cosφ	0,87	
Максималды жұмыс уақыты Tmax, сағ	5500	
K_x	0.7	
$Min_{режим}$	45%	

1-кесте бойынша P1-P3-қосалқы станциялардың максималды жүктемелері, L1-L5 – желі ұзындықтары, T_{max}=5500сағ – Максималдық жүктеменің жылдық сағаты, 45(%) пайыз – Минималды жүктеме кезіндегі жүктеме.

Осы дипломдық жобада тұйықталған желі қарастырылған. Бұл жерде, экономикалық жағынан тиімді және тұтынушыларға электр қуатын үзіліссіз таратуды қамтамасыз ету, электр энергияны аймақтарға сенімді және тиімді тарату басты мақсат болып келеді. Тұйықталған желілер айналмалы желілер болып келеді. Олар бір ғана контур құрайды. Оның артықшылығы желінің бір учаскесі үзілгенде желі басқа учаскіден қоректене береді, яғни, жоғары дәрежеде тұтынышыларға электр таратудың сенімділігі. Сонымен қатар қуаттың аз шығындары. Тұйықталған желінің сұлбасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет- Тұйықталған желінің схемасы

1.1.1 Электр беріліс желісінің номиналды кернеуін таңдау

Желі линиясының номинал кернеуін таңдау күрделі технико-экономикалық есеп болып табылады. Ол көптеген факторларға байланысты. Мысалы, кернеуінің мәні төмен линияның жабдықтарының және құрылыстарының құны аз болады. Кернеудің ұлғаюына байланысты қуат және энергия шығындары азаяды, электрлік желіні дамыту жағдайлары жақсарады. Сол үшін Стилла формуласын қолданамыз. Электр тораптарының номиналды кернеу ұзындықтарының шкаласы МЕСТ 721-77 анықталған және келесідей кернеу қатарын құрастырады: 0,38; 3; 6; 10; 20; 35; 110; 150; 220; 330; 500; 750; 1150 кВ

Бөлек сызықты электр беріліс желісінің номиналды кернеуі ең алдымен екі параметрлі функциямен: желімен таратылатын P қуат, және де сол қуат таратылатын L қашықтыққа. Соған байланысты желінің номиналды кернеуін табудың, әр түрлі авторлармен ұсынылған бірнеше эмпирикалық формулалары болады. Мен өзімнің дипломдық жұмысымда Стилл формуласымен есептедім. Себебі, осы формула кернеуі 35-тен 750 кВ-қа дейін номиналды кернеудің барлық шкаласына қанағаттандырылған нәтиже береді.

Стилл формуласы бойынша номиналды кернеуі осы формула бойынша анықталады:

$$U_{\text{ном}} = 4{,}34 \cdot \sqrt{L + 16 \cdot P}, \qquad (1)$$

1. $U_{\text{н}1} = 4{,}34 \cdot \sqrt{40 + 16 \cdot 40} = 113{,}17\text{кВ} \approx 110\text{кВ},$

2. $U_{\text{н}2} = 4{,}34 \cdot \sqrt{35 + 16 \cdot 35} = 105{,}86\text{кВ} \approx 110\text{кВ},$

3. $U_{\text{н}3} = 4{,}34 \cdot \sqrt{60 + 16 \cdot 30} = 100{,}85\text{кВ} \approx 110\text{кВ},$

4. $U_{\text{н}4} = 4{,}34 \cdot \sqrt{160 + 16 \cdot 105} = 186.16\text{кВ} \approx 220\text{кВ}.$

мұндағы U - желідегі кернеу, кВ;
l - желінің ұзындығы, км;
P - активті қуат, МВт.

Кернеу шығыны келесі формуламен есептейміз:

$$\Delta U = \frac{P \cdot r_0 \cdot L + Q \cdot x_0 \cdot L}{U_{ном}}, \quad (1.2)$$

110 кВ үшін $r_0 = 0{,}2; x_0 = 0{,}4$ деп аламыз.
мұндағы $r_0 -$ меншікті активті кедергі, Ом/км;
$x_0 -$ меншікті реактивті кедергі, Ом/км.

$$\Delta U_1 = \frac{40 \cdot 0.2 \cdot 40 + 22.7 \cdot 0.4 \cdot 40}{113.17} = 6кВ,$$

$$\Delta U_2 = \frac{35 \cdot 0.2 \cdot 35 + 19.7 \cdot 0.4 \cdot 35}{105.86} = 4.9кВ,$$

$$\Delta U_3 = \frac{30 \cdot 0.2 \cdot 60 + 16.9 \cdot 0.4 \cdot 60}{100.85} = 7.59кВ,$$

$$\Delta U_4 = \frac{105 \cdot 0.2 \cdot 160 + 59.48 \cdot 0.4 \cdot 160}{186.16} = 38.49кВ.$$

1.1.2 Желі бойындағы қосалқы станцияларға трансформатор таңдау

Желі бойындағы қосалқы станцияларға трансформатор таңдап, қосалқы станциядағы реактивті қуаттарын анықтаймыз:

$$S_{ec} = \frac{P}{\cos\varphi}, \quad (1.3)$$

$$S_{тр} \geq \frac{S_{ec}}{2 \cdot 0{,}7}, \quad (1.4)$$

$$Q_{ij} = \sqrt{S_n^2 - P_n^2}, \quad (1.5)$$

мұндағы P – активті жүктеме, МВт;
$\cos\varphi$ – қуат коэффициенті.
S_{ec} - толық жүктеме
$S_{трн}$ - трансформатордың қуаты МВА
Q_{ij} - реактивті қуат, МВар

1- қосалқы станция үшін:

$$S_{ec} = \frac{P}{\cos\varphi} = \frac{40}{0.87} = 46\text{МВА},$$

$$S_{\text{тр}} \geq \frac{S_{\text{ес}}}{2 \cdot 0{,}7} = \frac{46}{1.4} = 32.8\text{МВА},$$

$$Q_1 = \sqrt{S_n^2 - P_n^2} = \sqrt{46^2 - 40^2} = 22.7,$$

Осы шыққан мәндерге сәйкес, 1- қосалқы станцияға ТРТН-40000/110 типті транформаторы таңдалды. 1.2- және 1.3- кестеге 1- қосалқы станциянға таңдалған трансформатордың параметрлері енгіземін.

2- қосалқы станция үшін:

$$S_{ec} = \frac{P}{\cos\varphi} = \frac{35}{0.87} = 40.2\text{МВА},$$

$$S_{\text{тр}} \geq \frac{S_{\text{ес}}}{2 \cdot 0{,}7} = \frac{40{,}2}{1.4} = 28.7\text{МВА},$$

$$Q_2 = \sqrt{S_n^2 - P_n^2} = \sqrt{40.2^2 - 35^2} = 19.7.$$

Осы шыққан мәндерге сәйкес, 2- қосалқы станцияға ТДТНЖ-40000/110 типті транформаторы таңдалды. 1.2- және 1.3- кестеге 2- қосалқы станцияға таңдалған трансформатордың параметрлері енгіземін.

3- қосалқы станция үшін:

$$S_{ec} = \frac{P}{\cos\varphi} = \frac{30}{0.87} = 34.48\text{МВА},$$

$$S_{\text{тр}} \geq \frac{S_{\text{ес}}}{2 \cdot 0{,}7} = \frac{34{,}48}{1.4} = 24.6\text{МВА},$$

$$Q_3 = \sqrt{S_n^2 - P_n^2} = \sqrt{34.48^2 - 30^2} = 16.9.$$

Осы шыққан мәндерге сәйкес, 3- қосалқы станцияға ТРДН-25000/110 типті транформаторы таңдалды. 1.2- және 1.3- кестеге 3- қосалқы станцияға таңдалған трансформатордың параметрлері енгіземін.

Бас таратушы қосалқы станция үшін:

$$S_{ec} = \frac{P}{\cos\varphi} = \frac{105}{0.87} = 120.68\text{МВА},$$

$$S_{\text{тр}} \geq \frac{S_{\text{ес}}}{2 \cdot 0{,}7} = \frac{120{,}68}{1.4} = 86.2\text{МВА},$$

$$Q_4 = \sqrt{S_n^2 - P_n^2} = \sqrt{120.68^2 - 105^2} = 59.48.$$

Осы шыққан мәндерге сәйкес, бас таратушы қосалқы станцияға АТДТНГ-125000/220/110 типті автотранформаторы таңдалды. 1.2- және 1.3- кестеге бас таратушы қосалқы станцияға таңдалған трансформатордың параметрлері енгіземін.

1.2-кесте - Таңдалған трансформаторлар параметрлері

Трансформатор типі	$S_{\text{ном}}$	Uном.орам, кВ			Uк, %			Рқ.т кВт	Рб.ж кВт	I,%
		$U_{\text{вн}}$, кВ	$U_{\text{сн}}$, кВ	$U_{\text{нн}}$, Кв	Жк-Ок	Жк-Тк	Ок-Тк			
ТРТН-40000/110	40000	40	158	38,5	10,5	18	60	185	22	0.8
ТДТНЖ-40000/110	40000	115	38.5	27.5	17.5	10.5	6.5	200	39	0.6
ТРДН-25000/110	25000	115	121	6,3	20	-	-	120	30	0.75
АТДТНГ-125000/220/110	125000	230	121	6,6	11	31	19	235	80	0,5

1.3-кесте-Қосалқы станцияның берілгендері бойынша таңдалған параметрлері

Қосалқы станция-ның берілгендері	Р1	Р2	Р3	Р4
Активті қуаты, МВт	34	40	35	55
ҚС-қа дейінгі ұзындық, км	40	35	60	160
Толық қуаты,МВА	46	40.2	34.48	120.68
Есептелген қуаты, МВА	32.8	28.7	24.6	86.2
Реактивті қуаты, Мвар	22.7	19.7	16.9	59.48
Таңдалған кернеу, кВ	110	110	110	220
Таңдалған трансформаторлар	ТРТН – 40000/110	ТДТНЖ – 40000/110	ТРДН – 25000/110	АТДТНГ-125000/220/110

1.1.3 Трансформатордың кедергілерін және шығындарын есептеу

Таңдалған трансформатордың шығындарын анықтай отырып әр қосалқы станцияның алмастыру схемаларын сызамын. .

1- қосалқы станция үшін (1.6)-(1.11)- формулаларды пайдалана отырып есептелуді жүргіземіз. 1- қосалқы станцияның трансформатор типі: ТРТН – 40000/110, трансформатордың алмастыру схемасы 1.2 - суретте көрсетілген.

Трансформатордың параметрлерін келесі формулаларымен анықтаймыз:

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{кт}} \cdot U_{\text{н}}^2}{10^3 \cdot S_{\text{н}}^2}, \tag{1.6}$$

мұндағы $\Delta P_{к.т}$ – трансформатордың қысқа тұйықталу шығыны;

$U_н$ – трансформатордың номиналды кернеуі;

$S_н$ – трансформатордың номиналды қуаты.

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{кт}} \cdot U_{\text{н}}^2}{10^3 \cdot S_{\text{н}}^2} = \frac{170 \cdot 110^2}{10^3 \cdot 1600} = 1.28 \text{ Ом},$$

Әр орамның реактивтік кедергісін анықталады:

$$X_1 = \frac{U_{\text{к}}\% \cdot U_{\text{н}}^2}{100 \cdot S_{\text{н}}}, \tag{1.7}$$

$$X_1 = \frac{U_{\text{к}}\% \cdot U_{\text{н}}^2}{100 \cdot S_{\text{н}}} = \frac{10{,}5 \cdot 110^2}{100 \cdot 40} = 31{,}7 \text{ Ом},$$

мұндағы $U_к$ – трансформатор орамының қысқа тұйықталу кернеуі.

Қуат коэффициенті бойынша толық қуатты және реактивтік қуатты анықталады:

$$\Delta P_1 = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot R, \tag{1.8}$$

$$\Delta P_1 = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot R = \frac{40^2 + 22.7^2}{110^2} \cdot 1.28 = 0.22 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_1 = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot X, \tag{1.9}$$

$$\Delta Q_1 = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot X = \frac{40^2 + 22.7^2}{110^2} \cdot 31.7 = 5.54 \text{ МВт},$$

$$P'_1 + jQ' = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q), \tag{1.10}$$

$$P'_1 + jQ' = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (40 + 0.22) + j(22.7 + 5.54) = 40.22 + j28.24,$$

$$\Delta P_0 = P_{бж} = 22кВт = 0{,}022МВт,$$

$$\Delta Q_\mu = \frac{I_0 + S_н}{100}, \qquad (1.11)$$

$$\Delta Q_\mu = \frac{I_0 + S_н}{100} = \frac{0{,}55 \cdot 40}{100} = 0{,}22 \text{ МВар},$$

$$\Delta P_1'' + jQ_1'' = (40.22 + 0.022) + j(28.24 + 0.22) = 40.22 + j28.56МВА.$$

мұндағы ΔP – желідегі активті қуат шығыны, МВт;

ΔQ_μ – зарядтық қуат;

ΔQ – желідегі реактивті қуат шығыны, МВар



1.2 – сурет - ТРТН – 40000/110 типті трансформаторының алмастыру схемасы

2- қосалқы станция үшін (1.6)-(1.11)-формулаларды пайдалана отырып есептелуді жүргіземіз. 2- қосалқы станцияның трансформатор типі: ТДТНЖ – 40000/110,трансформатордың алмастыру схемасы 1.3 - суретте көрсетілген.

$$R_{тр} = \frac{\Delta P_{кт} \cdot U_н^2}{10^3 \cdot S_н^2} = \frac{200 \cdot 110^2}{10^3 \cdot 1600} = 1.5 \text{ Ом},$$

$$X_1 = \frac{U_к\% \cdot U_н^2}{100 \cdot S_н} = \frac{6{,}5 \cdot 110^2}{100 \cdot 40} = 19.6 \text{ Ом},$$

$$\Delta P_2 = \frac{P^2 + Q^2}{U_н^2} \cdot R = \frac{35^2 + 19.7^2}{110^2} \cdot 1.5 = 0.19 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_2 = \frac{P^2 + Q^2}{U_н^2} \cdot X = \frac{35^2 + 19.7^2}{110^2} \cdot 19.6 = 2.6 \text{ МВт},$$

$$P'_1 + jQ' = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (35 + 0.19) + j(19.7 + 2.6) = 35.19 + j22.3,$$

$$\Delta P_0 = P_{бж} = 39 \text{кВт} = 0{,}039 \text{МВт},$$

$$\Delta Q_\mu = \frac{I_0 + S_н}{100} = \frac{0{,}6 \cdot 40}{100} = 0{,}24 \text{ МВар},$$

$$\Delta P_2'' + jQ_2'' = (35.19 + 0.039) + j(22.3 + 0{,}24) = 35.229 + j22.54 \text{МВА}.$$



1.3 – сурет - ТДТНЖ – 40000/110 типті трансформаторының алмастыру схемасы

3- қосалқы станция үшін (1.6)-(1.11)- формулаларды пайдалана отырып есептелуді жүргіземіз. 3- қосалқы станцияның трансформатор типі: ТРДН – 25000/110,трансформатордың алмастыру схемасы 1.4 -суретте көрсетілген.

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{кт}} \cdot U_{\text{н}}^2}{10^3 \cdot S_{\text{н}}^2} = \frac{120 \cdot 100^2}{10^3 \cdot 625} = 2.32 \text{ Ом},$$

$$X_1 = \frac{U_{\text{к}}\% \cdot U_{\text{н}}^2}{100 \cdot S_{\text{н}}} = \frac{20 \cdot 110^2}{100 \cdot 25} = 50.82 \text{ Ом},$$

$$\Delta \text{P}_2 = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot R = \frac{30^2 + 16.9^2}{110^2} \cdot 2.32 = 0.22 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_2 = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot X = \frac{30^2 + 16.9^2}{110^2} \cdot 50.82 = 4.97 \text{ МВт},$$

$$P'_1 + \text{jQ}' = (\text{P} + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (30 + 0.22) + j(16.9 + 4.97) = 30.22 + j21.87,$$

$$\Delta P_0 = \text{P}_{\text{бж}} = 30\text{кВт} = 0{,}03\text{МВт},$$

$$\Delta Q_\mu = \frac{I_0 + S_{\text{н}}}{100} = \frac{0{,}75 \cdot 30}{100} = 0.225 \text{ МВар},$$

$$\Delta P_1'' + jQ_1'' = (30.22 + 0.03) + j(21.87 + 0{,}225\ ) = 30.25 + j22.095 \text{ МВА}.$$



1.4 – сурет - ТРДН – 25000/110 типті трансформаторының алмастыру схемасы

4- қосалқы станция үшін (1.6)-(1.11)- формулаларды пайдалана отырып есептелуді жүргіземіз. 4- қосалқы станцияның трансформатор типі: АТДЦТН/250000/500/110,трансформатордың алмастыру схемасы 1.5 - суретте көрсетілген.

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{кт}} \cdot U_{\text{н}}^2}{10^3 \cdot S_{\text{н}}^2} = \frac{290 \cdot 220^2}{10^3 \cdot 125^2} = 0.898 \text{ Ом},$$

Қосалқы станцияда трансформаторлар параллель жұмыс істемейді, сондықтан

$$\mathrm{R}_1 = \mathrm{R}_2 = \mathrm{R}_3 = 0.5 \cdot R_{\text{тр}}, \tag{1.12}$$

$$\mathrm{R}_1 = \mathrm{R}_2 = \mathrm{R}_3 = 0.5 \cdot 0.898 = 0.449 \text{ Ом},$$

Әр орамның қысқа тұйықталу кернеулері анықтаймыз

$$\mathrm{U}_{\mathrm{k1}} = 0.5 \cdot \left(\mathrm{U}_{(\text{жк}-\text{ок})} + \mathrm{U}_{(\text{жк}-\text{тк})}\right) - \mathrm{U}_{(\text{ок}-\text{тк}),} \tag{1.13}$$

$$\mathrm{U}_{\mathrm{k2}} = 0.5 \cdot \left(\mathrm{U}_{(\text{ок}-\text{тк})} + \mathrm{U}_{(\text{жк}-\text{ок})}\right) - \mathrm{U}_{(\text{жк}-\text{тк}),} \tag{1.14}$$

$$\mathrm{U}_{\mathrm{k3}} = 0.5 \cdot \left(\mathrm{U}_{(\text{жк}-\text{тк})} + \mathrm{U}_{(\text{ок}-\text{тк})}\right) - \mathrm{U}_{(\text{жк}-\text{ок}),} \tag{1.15}$$

$$\mathrm{U}_{\mathrm{k1}} = 0.5 \cdot \left(\mathrm{U}_{(\text{жк}-\text{ок})} + \mathrm{U}_{(\text{жк}-\text{тк})}\right) - \mathrm{U}_{(\text{ок}-\text{тк})} = 0{,}5 \cdot (11 + 31 - 19) = 11.5\%,$$

$$\mathrm{U}_{\mathrm{k2}} = 0.5 \cdot \left(\mathrm{U}_{(\text{ок}-\text{тк})} + \mathrm{U}_{(\text{жк}-\text{ок})}\right) - \mathrm{U}_{(\text{жк}-\text{тк})} = 0{,}5 \cdot (19 + 11 - 31) = 0\%,$$

$$\mathrm{U}_{\mathrm{k3}} = 0.5 \cdot \left(\mathrm{U}_{(\text{жк}-\text{тк})} + \mathrm{U}_{(\text{ок}-\text{тк})}\right) - \mathrm{U}_{(\text{жк}-\text{ок})} = 0{,}5 \cdot (31 + 19 - 11) = 19.5\%,$$

$$X_1 = \frac{U_{\text{к}}\% \cdot U_{\text{н}}^2}{100 \cdot S_{\text{н}}} = \frac{11.5 \cdot 220^2}{100 \cdot 125} = 44.53 \text{ Ом},$$

$$X_2 = \frac{U_{\text{к}}\% \cdot U_{\text{н}}^2}{100 \cdot S_{\text{н}}} = \frac{0 \cdot 220^2}{100 \cdot 125} = 0 \text{ Ом},$$

$$X_3 = \frac{U_{\text{к}}\% \cdot U_{\text{н}}^2}{100 \cdot S_{\text{н}}} = \frac{19.5 \cdot 220^2}{100 \cdot 125} = 75.5 \text{ Ом}.$$

Қуат коэффициенті бойынша толық қуатты және реактивтік қуатты және автотрансформатордың жүктелуі (1.3-1.5) формулалары бойынша қуаттарын анықтаймыз:

$$S_{40} = \frac{P}{\cos\varphi} = \frac{42}{0.87} = 48.27 \text{ МВА},$$

$$Q_{40} = \sqrt{S_n^2 - P_n^2} = \sqrt{48.27^2 - 42^2} = 23.8 \text{ МВар},$$

$$S_{60} = \frac{P}{\cos\varphi} = \frac{63}{0.87} = 72.4 \text{ МВА},$$

$$Q_{60} = \sqrt{S_n^2 - P_n^2} = \sqrt{72.4^2 - 63^2} = 35.67 \text{ МВАр},$$

$$\Delta \mathrm{P}_{43} = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot R = \frac{42^2 + 23.8^2}{220^2} \cdot 0.449 = 0.02 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{43} = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot X = \frac{42^2 + 23.8^2}{220^2} \cdot 75.5 = 3.62 \text{ МВар},$$

$$P'_{43} + jQ'_{43} = (\mathrm{P} + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (42 + 0.02) + j(23.8 + 3.62) = 42.02 + j27.42 \text{ МВА},$$

$$\Delta \mathrm{P}_{42} = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot R = \frac{63^2 + 35.67^2}{220^2} \cdot 0.449 = 0.048 \text{МВт},$$

$$\Delta Q_{42} = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot X = \frac{63^2 + 35.67^2}{220^2} \cdot 0 = 0 \text{ МВт},$$

$$P'_{42} + jQ'_{42} = (\mathrm{P} + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (63 + 0.048) + j(35.67 + 0) = 63.048 + j35.67 \text{ МВА},$$

$$P_{41} + jQ_{41} = (\mathrm{P} + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (42.02 + 63.048) + j(27.42 + 35.67) = 105 + j63.09 \text{ МВА},$$

$$\Delta \mathrm{P}_{41} = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot R = \frac{105^2 + 59.48^2}{220^2} \cdot 0.449 = 0.13 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{41} = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot X = \frac{105^2 + 59.48^2}{220^2} \cdot 44.53 = 13.36 \text{МВар},$$

$$P'_4 + jQ'_4 = (\mathrm{P} + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (105 + 0.13) + j(59.48 + 13.36) = 105.13 + j72.84 \text{ МВА},$$

$$\Delta P_0 = \mathrm{P}_{\text{бж}} = 80\text{кВт} = 0.08\text{МВт},$$

$$\Delta Q_\mu = \frac{I_0 + S_{\text{н}}}{100} = \frac{0.5 \cdot 125}{100} = 0.625 \text{ МВар},$$

$$\Delta P_4'' + jQ_4'' = (105.13 + 0.08) + j(78.84 + 0.625) = 105.21 + j79.465 \text{ МВА}.$$



1.5 – сурет - АТДЦТН/250000/500/110 типті автотрансформаторының алмастыру схемасы

1.4 – кесте – Трансформатордың есептелген шығындары

Трансф-лар	$R_{тр}$	$X_{тр}$	ΔP	ΔQ	P_n'	Q_n'	ΔP_0	ΔQ_μ	$\Delta P_n''$	Q_3''
ТРТН – 63000/110	1,28	31,7	0,22	5,54	40,22	28,24	0,022	0,22	40,242	28,56
ТДНЖ– 40000/110	1,5	19,6	0,19	2,6	35,19	22,3	0,039	0,24	35,229	22,54
ТРДН– 25000/110	2,32	50,82	0,22	4,97	30,22	21,87	0,03	0,225	30,25	22,095
АТДТНГ-125000/220/110	0,449	44,53	0,02	3,62	42,02	27,42	0,08	0,625	105,21	79,465
	0,449	0	0,048	0	63,048	35,67				
	0,449	75,5	0,13	13,36	105,13	72,84				

1.1.4 Тұйықталған жүйе учаскіндегі қуат таралуын есептеу

Жобалаудың басында желінің бөліктеріндегі кедергі белгісіз болғандықтан, қуаттың шамасы жуық мәндермен анықтылыды. Тұйықталған желі үшін қуаттың таратылуын барлық бөліктердегі қима бірдей деп алып, екі жақты қоректендірілетін желі сияқты анықталады.

Желінің екі жақтан қоректендіруші қорек көзінің қуаттары есептейміз

$$P_A = \frac{P_1(L_1) + P_2(L_1 + L_2)}{L_1 + L_2 + L_3}, \quad (1.16)$$

$$P_A = \frac{40(40) + 35(40 + 35)}{40 + 35 + 60} = 31.3 \text{ МВт},$$

$$Q_A = \frac{Q_1(L_1) + Q_2(L_1 + L_2)}{L_1 + L_2 + L_3}, \quad (1.17)$$

$$Q_A = \frac{22{,}7(40) + 19{,}7(40 + 35)}{40 + 35 + 60} = 17.67 \text{ МВт},$$

$$P'_A = \frac{P_2(L_3) + P_1(L_3 + L_2)}{L_1 + L_2 + L_3}, \quad (1.18)$$

$$P'_A = \frac{35(60) + 40(60 + 35)}{40 + 35 + 60} = 43.7 \text{ МВт},$$

$$Q'_A = \frac{Q_2(L_3) + Q_1(L_3 + L_2)}{L_1 + L_2 + L_3}, \quad (1.19)$$

$$Q'_A = \frac{19.7(60) + 22{,}7(60 + 35)}{40 + 35 + 60} = 36.42 \text{ МВт},$$

$$S_A = P_A + Q_A = 31.3 + j17.67 \text{ МВА},$$

$$S'_A = P'_A + Q'_A = 43.7 + j24.73 \text{ МВА},$$

$$P_A + P'_A = 31.3 + 43.7 = 75 \text{ МВт},$$

$$P_1 + P_2 = 40 + 35 = 75\text{МВт},$$

75=75 МВт,

$$Q_A + Q'_A = 17.67 + 24.73 = 42.4 \text{ МВар},$$

$$Q_1 + Q_2 = 22.7 + 19.7 = 42.4 \text{ МВар},$$

42.4=42.4 МВар,

$$S_{23} = S'_A - S_3,$$

$$\mathrm{S}_{23} = 43.7 + \mathrm{j}24.73 - 35 - \mathrm{j}19.7 = 8.7 + \mathrm{j}5.03,$$

$$S_{\text{тол}} = S_A + S'_A,$$

$$S_{\text{тол}} = 31.3 + j17.67 + 43.7 + j24.73 = 75 + j42.4.$$

Электр беріліс желісіндегі әр бөліктегі қуаттың таралуын анықтап, кеңейтілген 1.6-суреттегі сұлбаға енгіздім.



1.6 – сурет – Электр беріліс желісінің схемасы

1.2 Тұйықталған желінің қималарын есептеу және таңдау

Желінің әрбір учаскесі бойынша токтарды анықтаймыз, ол желінің қуаты мен кернеуі арақатынасы арқылы табылады:

$$I_{\text{ес}} = \frac{S_{\text{ном}}}{\sqrt{3} \cdot U_{\text{ном}}}, \tag{1.20}$$

$$I_{02} = \frac{\sqrt{75^2 + 42.4^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 226.367A,$$

$$I_{01} = \frac{\sqrt{31.3^2 + 17.67^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 188.876A,$$

$$I_{23} = \frac{\sqrt{43.7^2 + 24.73^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 263.858A,$$

$$I_{12} = \frac{\sqrt{8.7 + 5.03^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 52.8A.$$

Сымның қимасы ток тығыздығына байланысты есептеледі. Сымның қимасының экономикалық шарты:

$$S_{\text{эк}} = \frac{I}{j_{\text{эк}}}, \tag{21}$$

мұндағы $j_{эк}$ –ток тығыздығы

$j_{эк}$=1,5 А/мм^2

$$S_{эк03} = \frac{226.367}{1.5} = 151 \text{ мм}^2,$$

Осыған сәйкес таңдалған қима АС-185/29

Апаттық режимдегі тогы $I_{доп} = 510A$

$$S_{эк01} = \frac{188.876}{1.5} = 126 \text{ мм}^2,$$

Осыған сәйкес таңдалған қима АС-150/19

Апаттық режимдегі тогы $I_{доп} = 450A$

$$S_{эк23} = \frac{263.858}{1.5} = 176 \text{ мм}^2,$$

Осыған сәйкес таңдалған қима АС-185/29

Апаттық режимдегі тогы $I_{доп} = 510A$

$$S_{эк12} = \frac{82.92}{1.5} = 35 \text{ мм}^2,$$

Осыған сәйкес таңдалған қима АС-35/6.2

Апаттық режимдегі тогы $I_{доп} = 172A$

Кернеуі 110 кВ біртізбекті әуе беріліс желісінің салыстырмалы параметрлерін анықтаймыз.

Меншікті активті кедергі, Ом/км

$$r_0 = \frac{\rho}{S},$$

Сымның радиусы, мм

$$r_{сым} = \frac{D_{сым}}{2},$$

Меншікті реактивті кедергі, Ом/км

$$x_0 = 0.144 \cdot lg\left(\frac{D_{орт}}{r_{сым}}\right) + 0.0157,$$

Меншікті реактивті өткізгіштік, См/км

$$b = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{lg\left(\frac{D_{орт}}{r_{сым}}\right)},$$

Сымдарның арасындағы орташа геометриялық арақашықтық мынаған тең

$$D_{орт} = \sqrt[3]{D_{1-2} \cdot D_{2-3} \cdot D_{1-3}},$$

Тұйықталған желінің кедергілерін келесі формулалар арқылы есептеледі. Желінің активті кедергісін келесі формула арқылы есептеледі

$$R_i = r_0 \cdot l$$

Желінің реактивті кедергісін келесі формула арқылы есептеледі

$$X_i = r_0 \cdot l$$

Желінің реактивті өткігіштігін келесідей есептеледі

$$B_i = b_0 \cdot l$$

Желінің соңындағы зарядтық қуатты келесі формуламен есептеледі

$$Q_{ci}^k = \frac{1}{2} \cdot U_{ном}^2 \cdot B_i$$

$$r_{01} = \frac{\rho}{S} = \frac{31.52}{185} = 0.17\,\frac{Ом}{км},$$

$$r_{сым} = \frac{D_{сым}}{2} = \frac{1.88}{2} = 0.94\text{ см},$$

$$R_i = r_0 \cdot l = 0.17 \cdot 160 = 27.2\text{ Ом},$$

$$D_{орт} = \sqrt[3]{D_{1-2} \cdot D_{2-3} \cdot D_{1-3}} = \sqrt[3]{6.4 \cdot 6.4 \cdot 6.4} = 640\text{ см},$$

$$x_{01} = 0.144 \cdot \lg\left(\frac{D_{орт}}{r_{сым}}\right) + 0.0157 = 0.144 \cdot \lg\left(\frac{640}{0.94}\right) + 0.0157 = 0{,}423\text{Ом/км},$$

$$X_{01} = r_0 \cdot l = 0.423 \cdot 160 = 67.68\text{ м},$$

$$b_{01} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{lg\left(\frac{D_{орт}}{r_{сым}}\right)} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{lg\left(\frac{640}{0.94}\right)} = 2.67 \cdot 10^{-6}\,\frac{См}{км},$$

$$B_{01} = b_0 \cdot l = 2.67 \cdot 10^{-6} \cdot 160 = 4.27 \cdot 10^{-4}\text{ См},$$

$$Q_{ci}^{k} = \frac{1}{2} \cdot U_{\text{ном}}^{2} \cdot B_i = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 4.27 \cdot 10^{-4} = 10.33 \text{ МВар.}$$

б)

$$r_{02} = \frac{31.52}{150} = 0.21 \frac{\text{Ом}}{\text{км}},$$

$$r_{\text{сым}} = \frac{1.68}{2} = 0.84 \text{ см},$$

$$R_{02} = 0.21 \cdot 40 = 8.4 \text{ Ом},$$

$$\text{D}_{\text{орт}} = \sqrt[3]{\text{D}_{1-2} \cdot \text{D}_{2-3} \cdot \text{D}_{1-3}} = \sqrt[3]{4 \cdot 4 \cdot 4} = 400\text{см},$$

$$x_{02} = 0.144 \cdot lg\left(\frac{D_{\text{орт}}}{r_{\text{сым}}}\right) + 0.0157 = 0.144 \cdot lg\left(\frac{400}{0.84}\right) + 0.0157 = 0.401 \frac{\text{Ом}}{\text{км}},$$

$$X_{02} = 0.401 \cdot 40 = 16.04 \text{ Ом},$$

$$b_{02} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{lg\left(\frac{D_{\text{орт}}}{r_{\text{сым}}}\right)} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{lg\left(\frac{400}{0.84}\right)} = 2.83 \cdot 10^{-6},$$

$$B_{02} = 2.83 \cdot 10^{-6} \cdot 40 = 1.13 \cdot 10^{-4},$$

$$Q_{ci}^{k} = \frac{1}{2} \cdot U_{\text{ном}}^{2} \cdot B_i = \frac{1}{2} \cdot 110^2 \cdot 1.13 \cdot 10^{-4} = 0.68\text{МВар.}$$

с)

$$r_{03} = \frac{31.52}{185} = 0.17 \frac{\text{Ом}}{\text{км}},$$

$$r_{\text{сым}} = \frac{1.88}{2} = 0.94 \text{ см},$$

$$R_{03} = 0.17 \cdot 60 = 10.2 \text{ Ом},$$

$$\text{D}_{\text{орт}} = \sqrt[3]{\text{D}_{1-2} \cdot \text{D}_{2-3} \cdot \text{D}_{1-3}} = \sqrt[3]{4 \cdot 4 \cdot 4} = 400\text{см},$$

$$x_{03} = 0.144 \cdot lg\left(\frac{D_{\text{орт}}}{r_{\text{сым}}}\right) + 0.0157 = 0.144 \cdot lg\left(\frac{400}{0.94}\right) + 0.0157 = 0.394 \frac{\text{Ом}}{\text{км}},$$

$$X_{03} = 0.394 \cdot 60 = 23.64 \text{ Ом},$$

$$b_{03} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{lg\left(\frac{D_{орт}}{r_{сым}}\right)} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{lg\left(\frac{400}{0.94}\right)} = 2.88 \cdot 10^{-6},$$

$$B_{03} = 2.88 \cdot 10^{-6} \cdot 60 = 1.73 \cdot 10^{-4},$$

$$Q_{ci}^{k} = \frac{1}{2} \cdot U_{ном}^{2} \cdot B_i = \frac{1}{2} \cdot 110^2 \cdot 1.73 \cdot 10^{-4} = 1.05\text{МВар}.$$

d)

$$r_{04} = \frac{31.52}{35} = 0.9\,\frac{\text{Ом}}{\text{км}},$$

$$r_{сым} = \frac{0.84}{2} = 0.42\text{ см},$$

$$R_{04} = 0.9 \cdot 35 = 31.5\text{ Ом},$$

$$\mathrm{D}_{орт} = \sqrt[3]{\mathrm{D}_{1-2} \cdot \mathrm{D}_{2-3} \cdot \mathrm{D}_{1-3}} = \sqrt[3]{4 \cdot 4 \cdot 4} = 400\text{см},$$

$$x_{04} = 0.144 \cdot lg\left(\frac{D_{орт}}{r_{сым}}\right) + 0.0157 = 0.144 \cdot lg\left(\frac{400}{0.42}\right) + 0.0157 = 0.445\,\frac{\text{Ом}}{\text{км}},$$

$$X_{04} = 0.445 \cdot 35 = 35{,}12\text{ Ом},$$

$$b_{04} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{lg\left(\frac{D_{орт}}{r_{сым}}\right)} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{lg\left(\frac{400}{0.42}\right)} = 2.54 \cdot 10^{-6},$$

$$B_{04} = 2.54 \cdot 10^{-6} \cdot 35 = 0.889 \cdot 10^{-4},$$

$$Q_{ci}^{k} = \frac{1}{2} \cdot U_{ном}^{2} \cdot B_i = \frac{1}{2} \cdot 110^2 \cdot 0.889 \cdot 10^{-4} = 0.57\text{МВар}.$$

1.2.1 Тұйықталған жүйеде максималды жүктеме кезіндегі алмастыру сұлбасы және шығындарын есептеу

А-1 аймақ үшін есептеулер келесідей жүргізіледі және мәндері 1.7-суретке енгізіледі.

$$\mathrm{S}_{\mathrm{A}-1}^{\mathrm{k}} = \mathrm{S}_{\mathrm{A}-1} - \mathrm{Q}_{\mathrm{A}-1} = 31.3 + \mathrm{j}17.67 - 0.687\mathrm{j} = 31.3 + \mathrm{j}16.983,$$

$$\Delta\mathrm{S}_{\mathrm{A}-1} = \frac{31.3^2 + 16.983^2}{110^2} \cdot (8.4 + 16.04\mathrm{j}) = 0.882 + \mathrm{j}1.684,$$

$$S''_{A-1} = S^{k}_{A-1} + \Delta S_{A-1} = (31.3 + 0.882) + j(16.983 + 1.684) = 32.182 + j18.667.$$

1-2 аймақ үшін есептеулер келесідей жүргізіледі және мәндері 1.7-суретке енгізіледі.

$$S^{k}_{1-2} = S_{1-2} - Q_{1-2} = 8.7 + j5.03 - 0.57j = 8.7 + j4.46,$$

$$\Delta S_{1-2} = \frac{14{,}29^2 + 7{,}23^2}{110^2} \cdot (5 + 19{,}5j) = 0.25 + j0.123,$$

$$S''_{1-2} = S^{k}_{1-2} + \Delta S_{1-2} = (8.7 + 0.25) + j(4.46 + 0.123) = 8.95 + j4.58.$$

2-А’ аймақ үшін есептеулер келесідей жүргізіледі және мәндері 1.7-суретке енгізіледі.

$$S^{k}_{2\,A'} = S_{2A'} - Q_{2A'} = 43.7 + j24.73 - 1.05j = 43.7 + j23.68,$$

$$\Delta S_{2A'} = \frac{43.7^2 + 23.68^2}{110^2} \cdot (10.2 + 23.64j) = 2.08 + j4.82,$$

$$S''_{2A'} = S^{k}_{2A'} + \Delta S_{2A'} = (43.7 + 2.08) + j(23.68 + 4.82) = 45.78 + j28.5.$$



1.7 – сурет – Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы

1.3 Желідегі қысқа тұйықталу тогын табу және параметрлеріне сәйкес аппараттар таңдау

Салыстырмалы бірлікте базистік қуат

$$S_б = 100 \text{ МВА},$$

Базистік кернеу

$$U_{баз1} = 220 кВ,$$

$$U_{баз1} = 110кВ,$$
$$U_{баз1} = 10{,}5кВ,$$

1.5–кесте–АТДЦТН–250000/500/110 типті трансформаторының паспорттық берілгені

Трансформатор Типі	$S_{ном}$	Uном.орам, кВ			Uк, %			Рк.т кВт	Рб.ж кВт	I,%
		$U_{вн}$, кВ	$U_{сн}$, кВ	$U_{нн}$,кВ	Жк-Ок	Жк-Тк	Ок-Тк			
АТДТНГ-125000/220/110	125000	220	121	10,5	11	31	19	235	80	0.5

Генератордың кедергісі:

$$x_г = x_d'' \cdot \frac{S_б}{S_{нг}}, \tag{1.31}$$

мұндағы $x_г$– генератор кедергісі

x_d'' – аса өтпелі индуктивті кедергі

$S_{нг}$ – генераторың номиналды қуаты, МВА

$S_б$ – базистік қуат, МВА

(1.31) формулаға сәйкес

$$x_г = x_d'' \cdot \frac{S_б}{S_{нг}} = 0.3 \cdot \frac{100}{125} = 0.24.$$

Желілердің кедергілері:

$$x_л = x_0 l \cdot \frac{S_б}{U_б^2}, \tag{1.32}$$

$$x_л = x_0 l \cdot \frac{S_б}{U_б^2} = 0.4 \cdot 160 \cdot \frac{100}{220^2} = 0.13.$$

Трансформатордың кедергілері:

$$x_{тр*} = \frac{U_{кз}}{100} \cdot \frac{S_б}{S_{нт}}, \tag{1.33}$$

мұндағы $x_{тр*}$ – трансформаторлардың кедергілері

$U_{кз}$ – трансформатордың қысқа тұйықталу кернеуі

$S_{нт}$ – трансформатордың қуаты

Әр орамның қысқа тұйықталу кернеулері анықталады

$$U_{k1} = 0.5 \cdot \left(U_{(жк-ок)} + U_{(жк-тк)}\right) - U_{(ок-тк)},$$
$$U_{k2} = 0.5 \cdot \left(U_{(ок-тк)} + U_{(жк-ок)}\right) - U_{(жк-тк)}, \tag{1.34}$$

$$U_{k3} = 0.5 \cdot \left(U_{(жк-тк)} + U_{(ок-тк)}\right) - U_{(жк-ок)},$$

$$U_{k1} = 0.5 \cdot \left(U_{(жк-ок)} + U_{(жк-тк)}\right) - U_{(ок-тк)} = 0{,}5 \cdot (11 + 31 - 19) = 11.5\%,$$

$$U_{k2} = 0.5 \cdot \left(U_{(ок-тк)} + U_{(жк-ок)}\right) - U_{(жк-тк)} = 0{,}5 \cdot (19 + 11 - 31) = 0\%,$$

$$U_{k3} = 0.5 \cdot \left(U_{(жк-тк)} + U_{(ок-тк)}\right) - U_{(жк-ок)} = 0{,}5 \cdot (31 + 19 - 11) = 19.5\%.$$

(1.33) формулаға сәйкес трансформатор кедергілерін табамыз

$$x_{т.ж} = \frac{11{,}5}{100} \cdot \frac{100}{125} = 0{,}092,$$

$$x_{т.о} = 0,$$

$$x_{т.т} = \frac{19{,}5}{100} \cdot \frac{100}{125} = 0{,}156.$$

Қысқа тұйықталу нүктесіне дейінгі нәтижелік кедергі

$$x_1 = x_г = 0{,}24, \tag{1.35}$$

$$x_{кос2} = x_г + x_л + x_{тж} + x_{т0} = 0{,}24 + 0{,}13 + 0{,}092 + 0 = 0{,}462,$$

$$x_{кос3} = x_г + x_л + x_{тж} + x_{тт}, \tag{1.36}$$

$$x_2 = x_г = 0{,}24 + 0{,}13 + 0{,}092 + 0{,}156 = 0{,}618.$$

Нүктелердегі базистік тоқты табу

$$I_{б1} = \frac{S_б}{\sqrt{3} \cdot U_б}, \tag{1.37}$$

$$I_{б1} = \frac{100}{\sqrt{3} \cdot 220} = 0.25 \text{ кА},$$

$$I_{б2} = \frac{100}{\sqrt{3} \cdot 110} = 0.52 \text{ кА},$$

$$I_{б3} = \frac{100}{\sqrt{3} \cdot 10{,}5} = 5{,}5 \text{ кА},$$

К нүктелерінің қысқа тұйықталу токтары

$$I_{кз} = \frac{I_б}{x_1}, \tag{1.38}$$

$$\mathrm{I}_{\text{к}-1} = \frac{0{,}25}{0{,}24} = 1{,}04 \text{ кА},$$
$$\mathrm{I}_{\text{к}-2} = \frac{0{,}52}{0{,}462} = 2{,}16 \text{ кА},$$
$$\mathrm{I}_{\text{к}-3} = \frac{5{,}5}{0{,}618} = 8{,}9 \text{ кА}.$$

Қысқа тұйықталу тогынан пайда болатын соққы токтар:

$$\mathrm{i}_{y.t=0} = \mathrm{k}_{\text{уд}} \cdot \sqrt{2} \cdot I_{k.з.t=0}, \tag{1.39}$$

$$\mathrm{i}_{y.t=0} = \mathrm{k}_{\text{уд}} \cdot \sqrt{2} \cdot I_{k.з.t=0} = 1.78 \cdot \sqrt{2} \cdot 1.04 = 2.6 \text{ кА},$$

$$\mathrm{i}_{y.t=\infty} = \mathrm{k}_{\text{уд}} \cdot \sqrt{2} \cdot I_{k.з.t=0} = 1.78 \cdot \sqrt{2} \cdot 2.16 = 5.4 \text{ кА},$$

$$\mathrm{i}_{y.t=\infty} = \mathrm{k}_{\text{уд}} \cdot \sqrt{2} \cdot I_{k.з.t=0} = 1.78 \cdot \sqrt{2} \cdot 8.9 = 22.35 \text{ кА}.$$

Трансформатордың жоғарғы және төменгі орамдарындағы есептік токтары

$$I_{\text{расч}} = \frac{12500}{\sqrt{3} \cdot 220} = 314 \text{ А},$$
$$I_{\text{расч}} = \frac{12500}{\sqrt{3} \cdot 110} = 656{,}8 \text{ А},$$
$$I_{\text{расч}} = \frac{12500}{\sqrt{3} \cdot 10{,}5} = 2722{,}5 \text{ А}.$$

1.3.1 Есептелген параметрлер бойынша электр аппараттарын таңдау

Барлық электр аппараттары номинал кернеуі, номинал тогы бойынша таңдалады және электродинамикалық және термиялық тұрақтылыққа тексеріледі.

Кернеуі бойынша таңдағанда келесі шарт орындалуы керек:

$$U_{\text{ж}} \leq U_{\text{н}} \tag{1.40}$$

Ток бойынша дұрыс аппаратты таңдау қалыпты режимде ұзақ жұмыс кезінде аппарат бөліктерінің қауіпті қызуларына жол бермейді. Сол үшін келесі шарт орындалуы керек:

$$I_{\text{есеп}} \leq I_{\text{н}} \tag{41}$$

10,5кВ,110кВ және 220 кВ үшін таңдалған аспаптар мәндерін 1.6 – кестеге,

1.7-кестеге, 1.8- кестеге енгіземін.

1.6 – кесте – 220 кВ үшін таңдалған аспаптар

Таңдау шарты	Есептелген мәндер	Ажыратқыш HPL245B1	Айырғыш РН-СЭЩ220	Ток трансф-торы ТОГФ-220/(УХЛ1)
$U_{ж} \leq U_{н}$, кВ	220	220	220	220
$I_{есеп} \leq I_{н}, A$	314	4000	1250	800
$I_{кз} \leq I_{откл}$, кA	1,04	63	31,5	31,5
$i_{у} \leq к_{д} \cdot \sqrt{2} \cdot I_{н}$, к$A$	2,6	63(3)	80	102



а) *б)* *в)*

1.8 – сурет – 220 кВ үшін таңдалған аспаптардың сұлбасы а) ажыратқыш HPL245B1 б) айырғыш РН-СЭЩ220 в) тоқ трансформаторы ТОГФ-220/(УХЛ1)

1.7 – кесте – 110 кВ үшін таңдалған аспаптар

